

**SHAKARIM UNIVERSITY**

1934

**«SHAKARIM JOURNAL OF HISTORY»**

**ғылыми журналының  
редакциялық саясаты**



«Шәкәрім университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы		
СМЖ 3-деңгейдегі құжат	Редакциялық саясат	РП 042-2.03-2026
«Shakarim Journal of History» ғылыми журналының редакциялық саясаты	№2 басылым 27.04.2026 ж. орнына бас. №1 04.04.2024 ж.	

**БЕКІТІЛДІ**  
**Басқарма төрағасы- Ректор**  
**Д. Орынбеков**  
**2026 ж.**




**«SHAKARIM JOURNAL OF HISTORY»**  
**ғылыми журналының редакциялық саясаты**


**Семей**  
**2026**

**АЛҒЫСӨЗ****1 ӘЗІРЛЕНДІ**

«Шәкәрім университеті» КЕАҚ Тарих кафедрасы

Журнал шығарылымына жауапты  Б. Атантаева «24» 04 2026 ж.

**2 КЕЛІСІЛДІ**

Ғылыми-редакциялық бөлім  Е. Евлампиева «27» 04 2026 ж.

Басқарма мүшесі - ғылым жөніндегі  
проректор  Ж. Қалибекқызы «27» 04 2026 ж.

Стратегиялық жоспарлау және сапа  
менеджменті орталығының басшысы  Ж.М. Орынканова «27» 04 2026 ж.

Заңгер  Д. Еникеева «27» 04 2026 ж.

**3 ЕНГІЗІЛДІ** №1 басылым 04.04.2024 ж. орнына

**МАЗМҰНЫ**

1 Жалпы ережелер.....	4
2 Журналдың редакциялық саясаты.....	6
3 Байланыс деректері.....	10
Қосымша .....	11

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1.1 Журнал туралы жалпы мәліметтер

«Shakarim Journal of History» ғылыми журналы (бұдан әрі – журнал) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2025 жылғы 24 шілдедегі KZ58VPY00124794 тіркеу нөмірін алды. Бұған дейін журнал «Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары сериясы» деп аталып, 1997 жылдан бастап шығарылып келеді.

Ғылыми журнал ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттарға, докторанттарға және студенттерге арналған. Журналдың құрылтайшысы және баспагері «Шәкәрім университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) болып табылады.

Журналдың бекітілген мұқабасы мен титулдық парағы бар, онда ЖОО атауы, нөмірдің шығыс деректері, ISSN, редакциялық алқаның құрамы, редакциялық саясат, жарияланым этикасы және веб-сайт көрсетіледі.

Журнал жылына 4 рет мерзімділікпен шығарылады.

Журнал мақалалары CrossRef деректер базасында тіркеледі және әрбір авторлық мақалаға дәйексөз келтіруді, сілтеме жасауды және электрондық құжаттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын DOI – цифрлық объект идентификаторы беріледі.

Журналдың редакциялық алқасының құрамында жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдар бар.

Журнал ақпараттық ашықтық және авторлардың жарияланымдарының қолжетімділігі саясатын ұстанады, мақалалар журнал сайтында толық мәтіндік қолжетімділікте орналастырылады.

**Журналдың мақсаты** – тарих саласындағы өзекті мәселелер бойынша ғылыми зерттеулердің жаңалығы бар нәтижелерін жариялау, тарихи ғылымның дамуына үлес қосу және ғалымдар мен зерттеушілер арасында ашық ғылыми пікірталас алаңын қалыптастыру болып табылады.

## 1.2 Негізгі терминдер

**Автор** – ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялауды дайындауға қатысатын жеке тұлға немесе тұлғалар тобы (авторлар ұжымы).

**Бас редактор** – редакцияны басқаратын және журналды дайындау мен шығаруға қатысты түпкілікті шешім қабылдайтын тұлға.

**Баспагер (Жариялаушы)** – ғылыми басылымды жарыққа шығаруды жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

**Ғылыми мақала** – аяқталған және жарияланған авторлық шығарма.

**Плагиат** – бөтен ғылыми немесе өнер туындысының, бөтен идеялардың немесе өнертабыстардың авторлығын қасақана иемдену. Плагиат авторлық құқық және патент заңнамасын бұзу болып табылады және сол үшін заң алдында жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін. Жасанды интеллект жүйелерін пайдалану арқылы алынған мәтінді, деректерді немесе ғылыми нәтижелерді оларды қолдану фактісін тиісті түрде көрсетпей ұсыну да жосықсыз заимдау (көшіру) нысандарына жатады.

**Редактор** – жарияланымға арналған материалдарды дайындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ ғылыми басылымдардың авторларымен және оқырмандарымен байланысты қамтамасыз ететін ғылыми журналдың немесе баспаның өкілі.

**Редакциялық алқа** – бас редакторға басылымға арналған туындыларды таңдау, дайындау және бағалау кезінде көмек көрсететін беделді тұлғалар тобынан тұратын кеңесші орган.

**Рецензент** – ғылыми журналдың немесе баспаның атынан әрекет ететін және авторлық материалдарды жариялау мүмкіндігін анықтау мақсатында оларға ғылыми сараптама жүргізетін сарапшы.

**Қолжазба** – редакцияға жариялау үшін ұсынылған, бірақ әлі жарияланбаған авторлық туынды.

## 2 ЖУРНАЛДЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

### 2.1 Көшіріп алу және плагиат

Журнал редакциясы келіп түскен мақалалардың түпнұсқалығын (оригинальдылығын) тексереді. Авторлар өз жұмыстарының түпнұсқа екеніне көз жеткізуге тиіс. Егер авторлар басқа авторлардың жұмыстарын және/немесе сөздерін пайдаланған болса, алынған деректер (заимствования) міндетті түрде дереккөзді көрсете отырып, тиісті түрде ресімделуі тиіс.

Плагиат әртүрлі нысанда көрінеді: бөтен мақаланы өз атынан жариялаудан бастап, дереккөзге сілтеме жасамай бөтен еңбектің маңызды бөліктерін көшіруге немесе парафраздауға, сондай-ақ басқа авторлар жүргізген зерттеу нәтижелерін иемденуге дейін. Плагиаттың кез келген түрі этикаға жатпайтын баспа қызметі болып табылады және оған жол берілмейді.

Жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін пайдалану арқылы жасалған мәтінді, деректерді немесе ғылыми нәтижелерді оларды қолдану фактісін ашық көрсетпей ұсыну да жосықсыз заимдауға жатады. ЖИ-ді пайдалану авторларды жұмыс мазмұны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Көптеген заимдаулар анықталған жағдайда, редакция Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics) ұсынымдарына сәйкес әрекет етеді. Журналдың ресімдеу және мәтін түпнұсқалығы талаптарына (плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша) сәйкес келмейтін қолжазбалар авторларға толықтырулар енгізу және қайта ұсыну үшін қайтарылады.

Түпнұсқалық деңгейі 75%-дан төмен болған жағдайда, мақалалар жарияланымға жіберілмейді.

Мақаланы ұсыну процесінде автор журналдың электрондық жүйесіндегі (немесе ілеспе хаттағы) тиісті мәлімдемені белгілеу арқылы ұсынылған материалдың бұрын жарияланбағанын, басқа ғылыми журналдардың қарауында емес екенін және басқа басылымдарға жариялау үшін жіберілмегенін растауға міндетті.

«Shakarim Journal of History» журналының жарияланымдарына сілтеме жасаған кезде, редакция журналдың ресми сайтында орналастырылған тиісті материалдың толық URL-мекенжайын көрсетуді сұрайды.

## 2.2 Рецензиялау процесі

Редакция журнал тақырыбына сәйкес келетін барлық мақалаларға сараптамалық баға беру мақсатында рецензиялауды жүзеге асырады.

Журнал редакциясына келіп түскен мақаланы редакция журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі, ресімдеу талаптары мен «антиплагиат» жүйесі арқылы тексеру негізіндегі түпнұсқалық көрсеткіші бойынша қарастырады. Редакция мақаланы қарауға қабылдау туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, ол рецензиялауға жіберіледі. Жариялануға ұсынылған мақалаларды рецензиялауға тиісті ғылым саласындағы жетекші ғалымдар тартылады.

Рецензиялау түрі – қос соқыр рецензиялау. Қолжазба рецензентке журналдың электрондық платформасы арқылы автор(лар)дың тегі, лауазымы және жұмыс орны көрсетілмей ұсынылады. Рецензенттерге оларға жіберілген материалдардың жария етуге жатпайтыны ескертіледі. Рецензиялау авторлар үшін құпия түрде жүргізіледі және жабық сипатта болады.

Рецензент мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда рецензиялаудан бас тартуға құқылы.

Рецензиялау мерзімі қолжазба редакцияға түскен сәттен бастап бір айдан аспауы тиіс.

Рецензияда мынадай мәселелер қамтылады: – мақала мазмұны журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келе ме; – мақала мазмұны тақырыпта мәлімделген тақырыпқа сәйкес келе ме; – мақала мазмұны ғылыми жаңалыққа ие ме; – мақаланың оң тұстары мен кемшіліктері нақты неден тұрады, автор қандай түзетулер мен толықтырулар енгізуі тиіс (олар болған жағдайда).

Рецензент мақаланы жақсарту бойынша автор(лар)ға ұсыныстар беруге құқылы. Рецензенттің ескертулері мен тілектері объективті және түбегейлі болып, мақаланың ғылыми және әдістемелік деңгейін арттыруға бағытталуы тиіс. Рецензияның қорытынды бөлімінде мақала туралы негізделген тұжырымдар және мына нұсқалардың бірін қамтитын нақты ұсыным болуы қажет:

- мақаланы журналда жариялауға қабылдау;
- ескертулерді ескере отырып, толықтырғаннан кейін мақаланы журналда жариялауға қабылдау (ең аз түзету);
- елеулі қайта қараудан және рецензенттердің қайта тексеруінен кейін мақаланы журналда жариялауға қабылдау;
- мақаланы жариялауға ұсынбау;
- ұсынылған қолжазбаны қайта ұсыну құқығынсыз кері қайтару.

Мақалаға жалпылама теріс баға берілген жағдайда, рецензент өз тұжырымдарын сенімді түрде негіздеуі тиіс. Егер рецензияда мақаланы түзету және толықтыру бойынша ұсынымдар болса, авторға журналдың электрондық платформасы арқылы рецензия мәтіні жіберіледі. Онда авторға мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде осы ескертулерді ескеру немесе оларды (ішінара немесе толық) дәлелді түрде жоққа шығару ұсынылады.

Автор(лар)ға редакциядан ұсынымдар жазылған хабарлама жіберілген күннен бастап түзетулер енгізуге 5 күн беріледі. Түзетілген қолжазба осы мерзімнен кеш жіберілген жағдайда, редакция қолжазбаны жаңадан түскен материал ретінде қарайды.

Автор(лар) ескертулерге жауап беруден, қолжазбаға өзгерістер енгізуден және оны журнал редакциясына қайта жіберуден бас тартуға құқылы. Автордан рецензенттердің барлық ескертулеріне жауап алынып, қолжазбаға өзгерістер енгізіліп, журнал редакциясына қайта жіберілген жағдайда, ғылыми редактор барлық материалдарды рецензент(тер)ге қайта рецензиялау үшін жолдайды.

Екі теріс пікір (рецензия) болған жағдайда, қолжазба журналда жариялаудан бас тартылады. Редактор автор(лар)ға жариялаудан бас тартқаны туралы хабарлап, рецензенттердің қорытындыларын жібереді.

Рецензиялаудан кейін жариялаудың орындылығы мен мерзімі туралы түпкілікті шешімді бас редактор, ал қажет болған жағдайда журналдың редакциялық алқасы қабылдайды. «Shakarim Journal of History» журналының редакциясы қабылданған шешім туралы автор(лар)ға журналдың электрондық платформасы арқылы хабарлайды.

Қолжазбаларға берілген рецензиялар журналдың электрондық платформасында электрондық форматта үш жыл бойы сақталады.

### **2.3 Ашық қолжетімділік саясаты**

«Shakarim Journal of History» ғылыми журналы өзінің ресми сайты арқылы жарияланымдарға еркін және ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді, бұл зерттеу нәтижелерінің кеңінен таралуына және ғылыми біліммен халықаралық алмасудың дамуына ықпал етеді.

Журналдың ресми сайтында авторлар мен оқырмандарға қажетті ақпараттар орналастырылған: мақалаларды қарау процедурасы мен жариялау шарттары, қолжазбаларды рецензиялау тәртібі, мақаланы ресімдеуге қойылатын талаптар, жарияланым этикасы, редакциялық алқа туралы мәліметтер, байланыс деректері.

Оқырмандар мен авторлар журналдың ағымдағы нөмірінің электрондық нұсқаларымен және өткен кезеңдердегі мұрағаттармен таныса алады.

### **2.4 Авторлық құқық және лицензиялау**

Журнал редакциясы Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңын және тиісті халықаралық келісімдерді басшылыққа алады.

Авторлар өздерінің авторлық құқығын сақтап қалады және «Shakarim Journal of History» журналына қолжазбаны бірінші болып жариялау құқығын береді. Автор материалға журналға тиісті сілтеме жасау шартымен кез келген тасымалдағышта және кез келген пішімде көшіруге және таратуға құқылы. Оқырмандар мен пайдаланушылар жұмыстың авторлығын көрсете отырып және осы журналға сілтеме жасай отырып, материалды еркін көшіруге, таратуға және бейімдеуге құқылы.

Авторлық құқық мақаланы жазуға елеулі үлес қосқан әрбір авторластың адалдығы мен жауапкершілігін талап етеді.

Автор журнал сайтына тиісті сілтеме жасай отырып, өз жарияланымдарын өз қалауы бойынша институционалдық немесе басқа да қоймаларда сақтауға құқылы.

## 2.5 Күпиялылық шарттары

Авторлар туралы ақпарат – олардың есімдері, аффилиациясы (жұмыс орны), байланыс деректері, атқаратын лауазымы мен академиялық дәрежесі туралы мәліметтер, сондай-ақ халықаралық деректер базасындағы авторлар профильдерінің идентификаторларына сілтемелер мақаланың «Авторлар туралы мәліметтер» бөлімінде орналастырылады.

Журнал сайтында көрсетілген есімдер мен электрондық пошта мекенжайлары тек журналдың қызметіне байланысты мақсаттарда ғана пайдаланылады және үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға берілмейді.

### 3 БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Құрылтайшы: «Шәкәрім университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Редакцияның мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Қашаған көшесі, 2-үй, 211-кабинет

Байланыс деректері: тел.: +77023066292, [history@vestnik.shakarim.kz](mailto:history@vestnik.shakarim.kz)

**ҚОСЫМША****Ғылыми мақалаға арналған рецензия үлгісі**

Мақала тақырыбы:

--

Әрбір элементті тиісті өрістерді толтыру арқылы бағалаңыз.

	Бағаланатын параметр	Төмен	Орташа	Жоғары
1	Зерттеу тақырыбының өзектілігі			
2	Ғылыми салаға қосқан үлесі			
3	Мақаланың оқылымдылығы, маман емес оқырман үшін мақаланың оқылымдылығы			
4	Нәтижелерді алу деңгейі және әдістері			
5	Суреттер, кестелер, графиктер және сілтемелер дұрыс берілген			
6	Библиографиялық тізімнің толықтығы мен сапасы, өзіне-өзі сілтеме жасауды шектеу			
7	Журнал тақырыбына сәйкестігі			

**Ескерпе:**

Мақала түпнұсқалық болуы және жаңалығымен ерекшеленуі тиіс. Аннотация мақаланың мазмұнын қайталамауы, жұмыс мәтініне және әдебиеттер тізіміне сілтемелерді қамтымауы, мақаланың ерекшелігін, өзіндік сипатын, жаңалығы мен қорытындыларын көрсететін мазмұнының қысқаша баяндамасы болуы тиіс. Автор зерттеу құрылымын қатаң сақтауы керек.

**Қорытынды:**

Рецензияңыздың соңында мақала қолжазбасына қатысты келесі ұсынымдардың бірін таңдауыңызды сұраймыз (жауапты қаріппен бөліп көрсетуге, астын сызуға немесе тармақ нөмірін қоршауға болады; таңдалған тармаққа түсініктеме беруге болады):

- мақаланы журналда жариялау үшін қабылдауды ұсынамын;
- мақаланы ескертулерді ескере отырып, толықтырғаннан кейін журналда жариялау үшін қабылдауды ұсынамын;
- мақаланы жариялауға ұсынбаймын;
- ұсынылған қолжазбаны қайта тапсыру құқығынсыз қабылдамауды ұсынамын.